



«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ			НАО «Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков»	
Құжат нөмірі	Нұсқа	Қолданысқа енгізілген күні	Келесі қайта қарау күні	
1	1	2025 ж.	2028ж.	
Құжаттың атауы:	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ кемсітушілік пен харассментке қарсы күрес бойынша саясаты			
Бекітілген:	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ № Басқарма отырысы шешімімен бекітілді, хаттама №5 «19» 05. 2025 жыл			
	Лауазымы	ТАӨ	Қолы	
Келісілді:	Басқарма мүшесі- Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Кудышева А.А.		
	Басқарма мүшесі- Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор	Исабек Б.Қ.		
	Басқарма мүшесі- Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор	Керімбеков Е.Р.		
	Басқарма мүшесі- Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Ханкелді Н.Е.		
	Заң бөлімінің басшысы	Амирхан М.А.		
Әзірленді	Заң бөлімінің заңгері	Ахметова Р.Н.		

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына, Еңбек және жұмыспен камту саласындағы кемсітушілік/дискриминация туралы конвенцияға, Халықаралық еңбек ұйымының декларациясына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 2-тармағына, 17-бабының 2-тармағына сәйкес ешкімді тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мәнжайлар бойынша қандай да бір кемсітуге болмайды.

Ешкімге зорлық-зомбылық, басқа қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас немесе жаза қолданылмауы керек.

1.2. Кемсітушілік/дискриминация мен харассменттің кез келген түрі акталмайды және мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу керек.

1.3. «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі қарай – Университет) кемсітушілікке/дискриминацияға және харассментке қатысты төзбеушілік саясатын ұстанады.

1.4. Университеттегі барлық білім алушылар, сондай-ақ университет қызметкерлері, лауазымды тұлғалары жеке және кәсібилік мінез-құлықтың жоғары моральдық-әдептік стандарттарын сақтауы тиіс.

1.5. Кемсітушілік пен харассмент университеттің барлық білім алушылары, қызметкерлері, лауазымды тұлғалары үшін жол берілмейтін және тыйым салынған мінез-құлық болып табылады.

2. Негізгі ұғымдар

1.6. Осы саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Кемсітушілік – бұл кез-келген айырмашылық, шектеу немесе артықшылық нәсіліне, жынысына және/немесе гендерлік сәйкестігіне, түсіне, дініне, жасына, ұлттық тегіне, этникалық тегіне, мүгедектігіне, ардагер немесе әскери мәртебесіне, жүктілігіне, генетикалық акпаратына, отбасылық жағдайына, азаматтық мәртебесіне немесе кез келген басқа заңды түрде тыйым салынған негізде қудалау.

2) Харассмент – басқа адамға қолайсыздық тудыратын немесе тіпті зиян келтіретін, оның жеке өміріне қолсұғылмаушылықты бұзатын адамның мінез-құлқы. Бұған, мысалы, қажетсіз жанасулар, қорлайтын қимылдар немесе түсініктемелер, адамның жыныстық өмірі туралы сұраулар немесе жыныстық астарлы әзілдер айту себеп болуы мүмкін.

Қудалау сонымен қатар, кез келген орынсыз ауызша немесе физикалық флирттерден (қылжақтасудан), жұмыс орнында/оқу орнында біреу жасаған ашық жыныстық кемсітушілік сөздерден немесе кемсітушілік ескертулерден тұрады, олар хабар алушыны жағымсыз не ыңғайсыз жағдайға қалдырады немесе оның қорлану сезімін тудырады және оқуына, жұмыс өнімділігіне теріс әсер етеді.

3) Әдеп комиссиясы – Университетте қызметтік тексерулердің нәтижелерін қарау мен оны жасау мән-жайларын жан-жақты, толық, объективті анықтау және бірінші басшыға тәртіптік жазалау шарасы туралы ұсынымдар шығару мақсатында тәртіптік теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттеу үшін құрылатын, бір дауысы бар Университет қызметкерлерінің тақ санынан тұратын тұрақты алқалы орган.

4) Кемсітушілікке және харассментке қарсы күрес жөніндегі саясат – Университетте қолданылатын кемсітушілік пен харассментке қатысты стандарттар

мен құжаттаманы қамтитын, Университет білім алушылары, жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары тарапынан кемсітушілік пен харассментке тыйым салынғанын және мұндай сипаттағы әрбір бұзушылық ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес қудаланатынын белгілейтін құжат.

5) Оқыс оқиға – кемсітушілік пен харассментке байланысты барлық жағдайлар мен оқиғалар.

6) Арыз иесі – университетке кез келген сипаттағы харассмент немесе кемсіту фактілері туралы мәлімдейтін тұлға.

7) Жәбірленуші – кез келген сипаттағы кемсітушілікке, харассментке ұшыраған адам.

8) Ақпарат беруші – кез келген сипаттағы кемсітушілік немесе харассмент фактісі туралы хабарлаған білім алушы, қызметкер, университеттің лауазымды адамы.

9) Жалған жолданым – заңсыз басымдыққа ие болу, жеке немесе заңды тұлғаға зиян келтіру мақсатында абайсызда, саналы түрде немесе әдейі жасалған нақты емес немесе жаңылыстыратын өтірік мәлімдеме болып саналады.

10) Білім алушылар – Университетте білім алатын студенттер, магистранттар, докторанттар.

11) Қызметкер – еңбек құқығының субъектісі, университеттің еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлға.

12) Лауазымды адамдар – Директорлар кеңесінің мүшелері, университет Басқармасының мүшелері.

3) Құқық бұзушы – қызметтік тексеру қорытындысымен және әдеп комиссияның шешімімен кінәсі белгіленген адам.

3. Саясаттың мақсаттары мен міндеттері

3.1. Осы саясаттың мақсаты Университет білім алушыларына, қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына кемсітушілік пен харассментке қатысты төзбеушілік саясатын тарату, сондай-ақ кемсітушілік пен харассменттің алдын алу, болдырмау және алдын алу шараларын жүргізу арқылы кемсітушілік пен харассментке төзбеушілік жағдайын жасау және оны қолдау болып табылады.

3.2. Осы саясаттың міндеттеріне университеттің білім алушыларының, қызметкерлерінің, лауазымды адамдарының кемсітушілік пен харассментке жол бермеу және оның салдары туралы хабардарлығын арттыруды қамтамасыз ету, кемсітушілік пен харассменттен қорғауды қауіпсіз және құпия қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ кемсітушілік пен харассмент айыптауларын тергеу, құқықтарды қорғауды қамтамасыз ету кезінде тиісті құқықтық рәсімнің сақталуын қамтамасыз ету үшін стандартты процесті белгілеу кіреді. Мұндай істерге қатысы бар адамдарға зардап шеккендер, куәгерлер және болжамды бұзушылар жатады.

4. Қолдану аумағы

4.1. Саясат білім алушыларға осы Саясатпен тыйым салынған әрекеттерді жасаған кезде, олар университет аумағында орын алған кезде қолданылады.

4.2. Саясат жұмыс уақытында осы құжатта тыйым салынған әрекеттерді іске асырған жағдайда университет қызметкерлері мен лауазымды адамдарына қолданылады.

4.3. Білім алушылар, қызметкерлер, университеттің лауазымды адамдары арасында кемсітушілік пен харассментке, сондай-ақ білім алушылар, қызметкерлер, университет лауазымды адамдары тарапынан үшінші тұлғаларға

катысты акшалай қаражат беруге, жұмысқа орналасу, оқуға қабылдау, кемсітушілік пен харассмент әсерінен өзге де қызметтер көрсетуге тыйым салынады. Сондай-ақ кемсітушілік пен харассменттің әсерімен мыналарға тыйым салынады:

4.3.1. физикалық: денеге тиісу немесе кез келген физикалық жанасу арқылы адамға жағымсыз немесе ол қаламайтын әрекеттер мен ұсыныстар;

4.3.2. вербалды: қызмет бойынша пайда немесе жағымсыз салдар уәде етілетін қалаусыз өтініштер мен талаптар; ауызша қорлау немесе кемсітетін әзілдер, ұлт, гендер, нәсіл, сыртқы келбет туралы жағымсыз пікірлер; әдепсіз анекдоттар; дөрекі сөздер; хаттар, электрондық хаттар, хабарламалар, эмодзилер, мемдер, суреттер, посттар, стористер мен твиттер арқылы жасалған шаралар немесе әрекеттер.

4.3.3. вербалды емес: көп мағыналы көзқарастар, қорлайтын немесе әдепсіз дыбыстар, ысқырық, ұятсыз, жағымсыз қимылдар;

4.3.4. психологиялық зорлық-зомбылық: қызметкерлер үшін жағымсыз немесе қаламайтын әңгімелер, ұсыныстар, өтініштер, талаптар, физикалық жанасулар немесе назар аудару, қорлайтын немесе басқа да лайықсыз мазмұндағы әрекеттер арқылы қорқынышты, дұшпандық, адам төзгісіз немесе қорлайтын жұмыс жағдайын жасау;

4.3.5. жынысына байланысты жеке адамға немесе адамдар тобына дұшпандық көрсететін немесе қорлайтын мәтіндері бар кез келген жазбаша немесе графикалық материалдарды, соның ішінде күнтізбелерді, плакаттарды көрсету немесе талқылау, сондай-ақ қорлайтын суреттерді, аудио және бейне материалдарды қалаусыз көрсету немесе көпшілікке жариялау;

4.3.6. киберкеңістіктегі харассмент: ашық мазмұндағы қалаусыз, қорлайтын электрондық хаттарды немесе мәтіндік хабарламаларды алу; әлеуметтік желілердегі, интернет-чаттар мен мессенджерлердегі орынсыз, қорлайтын жолданымдар.

5. Негізгі қағидаттар

5.1. Саясаттың негізгі қағидаттары:

5.1.1. білім алушылар, қызметкерлер, лауазымды адамдар университет басшылығына осы құжатта тыйым салынған әрекеттерді жасауға қатысты өздерінің аландаушылықтары немесе күдіктері туралы хабарлауға міндетті;

5.1.2. университеттің білім алушылары, қызметкерлері, лауазымды адамдары кемсітушілік пен харассментке төзбеушілік жағдайын жасауға, қолдауға және осы саясаттың сақталуына ықпал етуге міндетті;

5.1.3. білім алушылардың қауіпсіздігін жақсарту мақсатында аккредитация бөлімінің қызметкерлері жылына бір рет ерікті негізде білім алушыларға анонимді сауалнама жүргізуі тиіс;

5.1.4. Университет қызметкерлерінің, лауазымды адамдарының қауіпсіздігін жақсарту мақсатында аккредитация бөлімі қызметкерлері қызметкерлерге ерікті негізде анонимді сауалнама жүргізуі қажет. Сауалнамалар бойынша мәліметтер жиынтығы және талдау нәтижелері Стратегиялық даму және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректорына ұсынылады.

5.2. Кемсітушілік пен харассменттің алдын алуға қатысты құралдарға мыналар жатады: Университет оқушылары, қызметкерлері, лауазымды тұлғалары үшін дискриминация мен қудалауға қарсы міндетті кіріспе оқыту, түсіндірме жұмыстары; оны хабардарлықты арттыру мақсатында Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелері жүргізеді.

5.3. Жауап беру (тиісті әрекет ету) әдістеріне мыналар жатады:

5.3.1. қызметтік тексеру – кемсіту және (немесе) харассмент туралы айыптаулар бойынша қызметтік тергеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады, оны Университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері тиісінше және уақтылы жүзеге асырады.

5.3.2. жолданым – Университеттің лауазымды тұлғаларын кемсіту және (немесе) харассмент оқиғасы туралы жазбаша немесе ауызша хабардар ету.

6. Жолданымдарды беру үдерісі

6.1. Кез келген білім алушы, қызметкер, лауазымды тұлға кез келген қолжетімді тәсілмен университетке Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректордың атына ресми жолданым бере алады.

Жолданымда:

6.1.1. Осы Саясатпен тыйым салынған әрекеттерді жасаған тұлғаның немесе тұлғалардың ТАӨ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты), құрылымдық бөлімшесі және лауазымы көрсетілуі тиіс;

6.1.2. жолданымның сипаттамасы, күнін, орнын және куәгерлердің аты-жөнін қоса (егер бар болса);

6.1.3. Осындай немесе ұқсас қудалауға ұшырауы мүмкін басқа тұлғалардың аты-жөні;

6.1.4. Арызданушы/акпарат берушінің кемсітушілікті және (немесе) харассментті тоқтату үшін қабылдаған шаралары (егер бар болса);

6.1.5. Арызданушы/Ақпарат беруші жолданымға қатысты деп санайтын кез келген басқа акпарат;

6.2. Осы Саясатта тыйым салынған әрекеттерден зардап шеккен білім алушының, қызметкердің немесе лауазымды тұлғаның жолданым беру мен Университеттің құжаттамалық камтамасыз ету бөлімі арқылы тексеруді бастауы мерзімі оқиға болған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірілмеуі тиіс.

7. Жолданымдарды қарау мен тергеп-тексеру рәсімі

7.1. Кемсітушілік және (немесе) харассмент туралы жолданымдарды құрылымдық бөлімше Стратегиялық даму және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректорының тапсырмасы бойынша қарайды.

7.2. Жолданымды қараушы Университеттің лауазымды тұлғасы:

7.2.1. барлық қатысушы тараптарға осы Саясаттың нормалары мен тергеу рәсімін түсіндіруді камтамасыз етуге;

7.2.2. төмен дәрежедегі кемсітушілік пен харассмент туралы жолданымды қараудың бейресми тәсілдерін (әңгімелесу, кеңес беру) қарастыруға;

7.2.3. қажет болған жағдайда ішкі қызметтік тексеру жүргізуді бастамашылық етуге;

7.2.4. қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда, жәбірленушіге құқық қорғау немесе сот органдарына арыз беруге кеңес беруге міндетті.

7.3. Әдеп комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қолданыстағы заңнамаға сәйкес кемсітушілік пен/немесе харассмент белгілері бойынша тәртіптік теріс қылыққа қатысты қызметтік тексеру нәтижелерін және фактілерді қарайды.

7.4. Комиссия Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, келесі шешімдерді қабылдайды:

7.4.1. тәртіптік жаза қолдануға құқығы бар лауазымды тұлғаға немесе оны алмастырушы тұлғаға тәртіптік жаза қолдануды ұсынады;

7.4.2. құқық бұзушыға жолданым берушімен әңгімелесу кезінде жәбірленушіден/жолданым иесінен кешірім сұрауды ұсынады;

7.4.3. Университеттің тиісті бөлімшесіне кемсітушілік пен/немесе харассменттің алдын алу және профилактикасы бойынша жұмыс жүргізуді ұсынады;

7.4.4. кемсітушілік, харассмент жағдайларына сәйкес және қызметтік тексеру нәтижелері бойынша шешім қабылданады.

7.5. Комиссия өтініштер бойынша шешім қабылдаған кезде мыналарды ескеруі тиіс:

- қарау барысында расталған әрекеттердің дәрежесі;

- жәбірленушіге келтірілген моральдық және материалдық зиян;

- құқық бұзушыға қатысты басқа да ұқсас жолданымдардың, оның ішінде анонимді жолданымдардың болуы;

- дәлелдемелер (мысалы, куәгердің айғақтары бойынша сенімді растау, аудио/бейне/фотоматериалдар, хат-хабарлар және т.б.).

7.6. Отырыс аяқталғаннан кейін комиссия Университет басшылығына өз шешімін ұсынады.

7.7. Егер тараптардың бірі комиссия шешімімен келіспесе, оларға сотқа жүгіну құқығы түсіндіріледі.

7.8. Комиссия қылмыстық немесе әкімшілік құрамның саясаттағы құқық бұзушылықтарға күдіктенген жағдайда жәбірленушіге құқық қорғау органдарына арыз беруді немесе сотқа талап арызбен жүгінуді ұсынуы тиіс.

7.9. Комиссияның жолданымды қарау мерзімі 15 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

8. Құпиялылық

8.1. Жолданымдар, хабарламалар және қызметтік тексеру толық құпиялылықта қаралады және жүргізіледі, ақпарат университеттің ішкі құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес қызметтік қажеттілік қағидатын қатаң сақтай отырып ашылады.